

"Zaure Group" ЖШС – не жылыжай шектеулі пайдалану құқығымен қауымдық сервитут орнату туралы

Түркістан облысы Сайрам ауданы Ақсукуент ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 20 шілдедегі № 143 шешімі

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 19, 32, 36, 43, 67, 69 баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-ҰКРЗ "Құқықтық актілер туралы" заңының 65 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабы, 1-тармағы, 8–тармақшасының негізіне ала отырып ШЕШІМ ЕТЕМІН:

1. "Zaure Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Ақсукуент ауылдық округі, Ақсу ауылы, 120 - орам аумағынан жылыжай кешеніне арналған жалпы көлемі 0,6 гектар жер учаскесін аспалы – электр желісін пайдаланушы үшін, 5 (бес) жыл дейінгі мерзімге уақытша өтеусіз шектеулі жер пайдалану құқығына қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Ақсукуент ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялануға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақсукуент ауылдық округінің әкімі

А.Бурбеков